

С.ЖАНҒАБЫЛОВТЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Халық ақындары шығармаларындағы ерлікті жырлау тақырыбы, ел тарихында ел қорғаған ерлер бейнесі кеңінен жалғасқан дәстүр болатын. Осы бір іргелі дәстүрдің көшбасында Ж.Жабаев, К.Әзірбаев, И.Байзаков, Н.Байғаниндермен қанаттаса халқына келген қуанышқа шаттанып, қорқынышқа қайғырып үн қосқан халық ақындары қатарында Манғыстау өлкесінен шыққан Сәттіғұл Жанғабылов та тұрды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Сәттіғұл ел арапап, халықты рухтандыратын шешендік жүйрік жырларымен әр уақытта жігер беріп отырды. Манғ-

ыстау облысының аудандарын, бөлімшелерін үгіт-насихат жұмыстарымен арапап жүрген кездерінде тылдағы еңбек қарқыны мен майдандағы жауынгерлердің ерлік күресін үлгі етіп, халық арасында шаттана толғады.

Ақынның Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан мен тылдағы «...Қастерлі туған өнірім, Жауқолына бермеспіз» деп жауына атой салған сарбаздардың жанқиярлық күрестерін, ерлік қимылдарын, «...Майданға көмек беруге қайрат етіп, күш салған тылдағы қалың колхозшының» еңбектерін дәріптеген шығармалары қатарына «Украина хал-

ына», «Аты өшсін соғыстың», «Аттанып тұрсың алысқа», «Колхозшы жолдастарға», «Ақ тілекті арнауым», «Ақындарға», «Біз жеңеміз», «Сталинградтан жау қуылғанда», «Исатай батыр», «Ұлы мейрам», «Ұлы Женіс күніне» атты өлең, толғаулары жатады.

С. Жанғабыловтың соғыс тақырыбына арнаған шығармалары тұрасында белгілі әдебиет зерттеушісі, ғалым Қ. Сыдықов «Аманат» кітabyна жазған «Халық жыршысы» атты алғы сөзінде: «Отанды қорғау ақын жырларындағы өзекті тақырыптың бірі. Сәттіғұлдың қырқыншы жылдарындағы өлеңдерінің қай-қайсысында да уақыт ұранын жырлай білген азаматтық үні сезілді. Ақын Отан соғысының алғашқы құндерінің өзінде неміс фашистерін құс азғыны құладынға, біздің Отанымызды аскар тауға теңеп, біздің женіске жететінімізді зор сеніммен толғады. Ұлы Отан соғысының қаңарлы құндерінде ақынның сол бір айбынды толғауы эр жүрекке жалын қосып жойқын жігерге ұндеғені аян. Сәттіғұл Отан соғысы жылдарында ауыл мен өндірісті аралап, ел еңбеккерлерін женіс үшін қажырлы еңбек майданына шакырады («Колхозшы жолдастарға», «Үгіт жыры», «Ақындарға»). Арсыз жау аранын ашып ұмтылған шакта ұлы Отанымыздың ар-намысын қорғап, ел мерейін есірген ерлерді жырлады» [1, 11] – деуі ақын шығармаларында сол бір сұрапыл жылдардағы халқымыздың асқан отаншылдығы, жаумен жан аямай арпағынан батырлардың ғажайып ерлігі тебірене жырланып, шынайы суреттелгендігін нақтылай түседі.

Ақынның Отан соғысы тақырыбына жазған қай шығармасына тоқталсақ та, соғыс қасіреті, қайғы буган халықтың ашы ыза-кегі, алысқа аттанған арыстардың артын аяулы арманмен тоскан арулар, аналар, бала-шаға, бүкіл ауыл-аймақ, ел женісті жақыннатуда өз үлестерін қоскан тылдағы енбек адамдары бейнесі шебер берілген.

Аттанып тұрсың алысқа
Жаңа тілек, жас жүрек
Ер білекті балдарым,
Шығарып тұр ата-анаң,
Шығарып тұр жан-жарың –
Арайлап атсын таңдарың,
Оң болғай дәйім жолдарың.
Адамның жауы фашизм
Елімнің кірді ішіне
Қанға бөгіп жерімді
Мақтаңбақ қылған ісіне.
Жазасын беру ақымақтың
Парыз гой адам-кісіге, –

деген өлең жолдарынан ақын даусы ашы шығады. Оқырманнның көз алдына жорыққа аттанып бара жатқан ұлдарына ақ жол тілеп, бата беріп тұрған ақ

сақалды абыз келеді. Санқылдаған биік даусы бүкіл әлемді шарлап бара жатқандай.

Қасиетті халқынның
Қызыл туын жықпандар
Ауыз бірлік мол болсын –
Жауды жеңбей қайтпандар,
Үрейге арды саппаңдар,
Ата-менен ананың
Аманатын ақтандар,
Қасиетін халқынның
Адалдықпен сақтандар.

Өлең жолдарында майдан даласындағы әрбір жауынгер жүргегін табанды жігер, қасиетіне қайтпас қайсар мінез, бойына алып құш дарытатындей құдірет бар. Отан қорғауға аттанған боздақтарды артында қалған атамекен аманатының, бала-шаға алдындағы міндеттінің жауапкершілігін есіне салып отырады.

Қ. Сыдықов ақын шығармаларына ғылыми тұрғыдан баға беріп, жекелеген шығармаларына жүргізген талдауында: «Кенес ерлерінің жеңімпаздығын мактанды етеді. 1945 жылы жау талқандалып, қуаныш хабары әлемге тараған шакта ақын ақ жүргегінен ақтарыла шаттанып, жеңіс жырын толғайды. Ол бірқатар өлеңдерінде сұрапыл соғыстың қасіретінен мезі болған ақ жүректі адамзат баласының лебізін білдіре үн тастаған «азамат ақын» екендігін де даралай көрсеткен [1, 11].

Сондай-ақ ақын «Аттанып тұрсың алысқа», «Ақ тілекті арнауым» өлеңдерінде өзі үлкен үмітпен шығарып салған жауынгер Исатай Сүйеубаевтың азаматтық арға сын болар өмір мен өлімнің айқасқан аланында анызға айналған ғажайып ерлік үлгісін танытып, Ленин орденін иеленген қаңармандық бейнесін ұрандық сипаты бар жырларымен жырлап берді.

Ержүрек ұлдың ерлігі тұрасында тарихи деректер, естеліктер былай дейді:

«Қарт ақынды ерекше шабыттандырған өзі кешеғана ақ тілеу айтып аттандырған жерлесі Исатай Сүйеубаевтың Еділдегі ерлік ісі еді. Исатай батырлығы бүкіл тыл мен майдан даласына аныз болып тараған болатын. Қас дұшпан оғы кардай бораған қан майданының қылған соттерінде жараланғанына қарамастан «КВ» бронды танкісімен жауға қарсы шаұып, жаудың жеті дзотын құртып, 150 фашисті жайратқан ерлігі совет жауынгерлеріне ерекше рух береді. Сол кезде жерлестері батыр жауынгерді жана ерліктерге үндел жігерлендіре тұсті. «Исатай, тұған елінің тарапынан болуға тиіс көмек күшейе береді деп сен. Біз өмір мен өлім белдескен кезеңде Қызыл Армияға сүйеніш бола аламыз. Әйткені фашизмді жер бетінен жоюға керекті нәрселердің бәрі бізде бар» – деп жазды олар Исатай ерлігі хакында майдан

газетінде. («За честь Родины», 1943, I, Y) [1, 11].

Исатай Сүйеубаев – Сталинград үшін болған қанды қыргын айқастардағы ерлігі ғажайып анызға айналып, Ұлы Отан соғысы кезінде бүкіл манғыстаулықтардың ішінде ең жоғарғы атақ Совет Одағының батыры атағына ұсынылып – Ленин орденімен марапатталған.

Исатай Сүйеубаевтың ұрыс кезінде көрсеткен ерлігі турасында Совет Одағының батыры, запастағы полковник А. Дмитриев «Исатай және басқалары» атты мақаласында: «...19 ноябрьде Совет Армиясының тарихи шабуылы басталды... Жаяу әскер танктердің сүйемелдеуімен алдағы елді пунктке жақындағы түсті. Мінс, автоматчик Исатай Сүйеубаев танкten секіріп, жаңа ғана жау оқ атқан жерді автоматпен көспі-көспі етті. Сонымен қатар танкке де бағыт сілтеді. Дискідегі оқ бітті. Бірақ жау әлі берілген жок. Исатай танктің үстінен қайтадан секіріп шығып люктен «әкел гранатты» деп айқайлады. Сүйеубаев жауға гранатты үсті-үстінен лақтырып, танкің нысанана дәл шығарды. Осы айқаста Исатай жиырмадан астам гранатты жау шебіне түсіріп, фашистердің жұз еруден аса солдаты мен офицерін, бірнеше дзотын жойып, жараланғанына қарамастан жауынгерлік борышын өтей берді. Кейін капитан Москович осы Громки хуторының жынында болған айқастағы Исатайды ерлігіне арнап, әдейі өлең жазды» деп көрсеткен [5, 21].

Осы Дмитриевтің макаласында сез болатын капитан Москович халқымыздың батыр ұлын «Исатай Сүйеубаев» атты еленінде жыр жолдарымен:

Тындаңыз Отан-ана ақын жырын,
Шықты ғой Исатайдай батыр ұлың...
...Еділден бүркап шыққан дабыс
Қазақтың жетсін бүркап қырларына...
...Жау жатты тас бекініп, жемтік іздел
Демінен жылан тілді оқ безілден
Мінеки, Исатайлар карсы келді,
Жүректе Қаратудай кекті зіл көп...
...Бір сөтте ер Исатай астан-кестен,
Танктен жаудырды кеп гранатты,
Жекпе-жек жаудың алып жағасынан.
Жер жұтты қас дүшпаны тыраңдақсан,
Орыстар алға ұмтылды ұрандақсан
Исатай, мәнгі жаса жау жүрегім,
Жырлашы Жамбыл ата қыранды асқан!
...Соғыссаң Исатайдай соғысындар,
Отан үшін от жұтар борышың бар.
Жаралы Сталинград қаласына,
Өзге емес Исатайдай болысындар!!! –

деп ұлықтата түседі [5, 25].

Тек қазақтың ғана емес, өзге ұлт өкілінің де жүргегін селт еткізіп, ұрыс даласында дабыл қақтыңған батыр ұл ерлігіне Сәттіғұл Жанғабылұлы да жүрекшарды «Исатай батыр» толғауын арнады.

Сәттіғұл толғауында батырдың ерлік, азаматтық ісін паш етіп, ел сенімін, ана сүтін ақтаған ұлды үлгі, енеге етеді.

Исатайдай ерімнің
Қатты батты дүшпанға
Тегеуріні темірден.
Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым...
...Фашисті қойдай тоғытып
Темірдей батты шенгелі, –

дей келіп, халық ауыз әдебистінің жыр-дастандарындағы аты анызға айналған айтулы батыр ұлдарымен теңестрілді:

Орактың ұлы Қарасай,
Қарақыпшақ Қобыланды –
Сол батырлар тендері.

Ақын Исатай данқының бүкіл Одақты шарлап кеткеніне мактаныш сезімін жасыра алмай, жар сала, ұрпақ санасына ұғындыра жырлайды:

Көпшілікке білінді
Қиратып жауды женгені
Қалатын болды тарихта
Істеген ерлік енбегі.
Исатайдай ерімді
Қас батыр десем болады,
Айтсам аузым толады,
Фашистерді қиратып
Оғы қардай борады,
Аты әлемге шашылып
Газеттерге басылып
Исатайдың хабары
Жер жузіне тарады, –

деген жолдардан Сәттіғұлдың Исатай туралы баспасөз беттеріне жарық көріп жатқан жаңалықтардан мол хабары болғандығы, күнбес-күн танысып отырғандығы анғарылады.

Сондай-ақ, барлық деректерде 150 фашисті қырған деп келтірілген көрсеткіш Сәттіғұл ақынның «Ер Исатай» толғауында 300 санымен көрсетілуі оның кейіпкер бейнесін асқақтату, ұлылату максатын көзделгендігін көрсетеді. Бұл әрине, тарихи деректерде көрсетілмегенмен де, халқының адал ұлының образын мактанышпен көтере көркейткен ақын киялтының жемісі екендігі сөзсіз.

Мысалы:

Жапырылып жау қашты
Исатайдай ерімнен,
Бір өзінің оғынан
Үш жүздейін немістің
Қара қаны төтілген,
Қабыргасы сөгілген,
Өздері қазған көріне
Өздері түсіп көмілген.

Немесе:

«Немістің **үш жүз** адамын

Исатай батыр қырды» деп
Хабардың болды анығы.
Исатай – алғыр қыраным
Немістің қырды біразын –
...Бір өзінен немістің
Үш жүздей екен өлгени.

Ақын шығармаларындағы ерлікке шақырған оптимистік толғау сарыны Исатайдың батырлық бейнесінен көрініп, реалистік шешімін алған. Батыр Отан қорғауға аттанар алдында өзіне асқан жауапкершілікпен ауыр міндеттер жүктегендей.

Исатай – алғыр қайраттым
Фашиске қарсы оқ атты,
Камалын бұзып, күл қылды,
Талқандап жауды бұлдырді,
Танкілерін сындырыдь.
Жау көкесін таныды.

Алған бетінен қайтпай, бастаған ісін аяқтап шығатын батыр образын беру үшін ақын оның әрбір кимыл-қозғалысы, іс-эрекеті, жүріс-тұрысина дейін зер салып, харakterін аша түсken.

Сүйеубаев адамның
Арыстан тұган алыбы
Ашуы бойды кернеді
Құлашын жайып сермедин.

Шығармада батырдың Еділ бойындағы Громки хуторы жанында болған айқаста көрсеткен ерлігі тарихи деректер негізінде үлкен сурет-керлікпен нақты да нағымды жырланған. Жараланғанына қарамастан борап тұрган оққа кеудесін тосып өлім мен өмір белдескен тұста кекті жүректің күшімен алға тартқан текті ұл қайратына сүйсінуден бір танбайды. Шыңдалып, шыныққан батырдың темірдей тегеуірінімен жауын жаншып, қойдай тоғытып, есін шығарған тұсын:

Исатайдай ерімді
Қас батыр десем болады,
Айтсан аузым толады,
Фашистерді қиратып
Оғы қардай борады,
Бір өзінің оғынан
Үш жүздейін немістің
Қара қаны төгілген,
Қабыргасы согілген,
Өздері қазған көріне
Өздері түсіп көмілген, –

деп көсілте жырлайды.

Сонымен катар, толғауда Исатайдың ата-тегіне

де шежірелі шегініс жасалып өтеді:

Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым.
Тұқымы еді батырдың
Қауіп етпейтін өлімнен.
Тұп атасы Тоқтамыс
Ойран салған қалмаққа,
Хабары кеткен жан-жаққа.

Ақын шығармаларының көркемдік қуаты, шығармашылық шеберлігі, тақырып ауқымдылығы жөнінде ғалым К. Сыдықов: «Ақын ардагерлер туралы айтса да, елге елеулі қызмет еткен ержүрек ерлер туралы тебіренсе де, халықтың көкейкесті арманына айналған достық пен бейбіт өмір туралы толғаса да, ақпа ақындық дәстүрде ағындаپ ақтарыла, шамырқана, шалқи жырлайды. Нагыз халықтың құнарлы сөздерді, ойлы да әрлі орамдарды түйдектете төгіп, тайпалған жорғадай, бабында тұрган жүйріктей жосиды. Сәттіғұл жырларынан дөүір күн тәртібіне қойған мәселелерді жедел толғап, әлеуметтік өмірімізге қызу араласып келген ақын екендігін танимыз», – деп ой қорытады [1, 12].

Демек, ақын ел намысын қорғаған ерлердің жауға қарсы айбынды қүресін патриоттық сезіммен өрген шығармалары арқылы өзінің діттеген ойын, көзделген мақсатын айқындаپ алып шыққан. Исатай батырдың ерекше жаратылған өр де өжет рухын, ел-жұртының алдындағы перзенттік борышын адамгершілік жүргегімен сезінген азаматтық тұлғасын келісті жырлап берген.

ӘДЕБІЕТ

1. Аманат. Алматы: Ер Дәulet, 1996.
2. Жанғабылов С. Ой толғау. Алматы: Жазушы, 1986.
3. Жанғабылов С. Тоқсан толғау. Алматы: Жазушы, 1967.
4. Сыдықов К. Ақын-жыраулар. Алматы: Ғылым, 1974.
5. Жолдыбаев Т., Нұржаябаев К. Таушық құт мекенім. Алматы: Үш қиян, 2002.